



Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

1995 жылдан шыға бастады ■ Основан в 1995 г. ■ Since 1995


ISSN 1028-9364

SCIENTIFIC JOURNAL
HERALD

L.N. Gumilyov Eurasian
national University



№ 1 (104) 2015



II
БӨЛІМ

ҚҰҚЫҚТАНУ / ПРАВОВЕДЕНИЕ

И.М. Ақылбаева Толерантность в системе межэтнических отношений казахстанского общества.....	5	К.К. Хасенова, А.М. Қабылдин Отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кейбір мәселелері.....	108
Б.Ө. Алтынбасов Қазақстанда университет ғылымын дамытудың құқықтық мәселелері.....	9	ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ / ПЕДАГОГИКА ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ	
А.С. Ахметов Историко-правовые аспекты формирования гражданского общества.....	17	А.К. Альжанов, С.А. Нариман, З.А. Құтпанова Білім беруді ақпараттандыруда информатика пәні мұғалімінің рөлі.....	114
Б.К. Биржанов Ақпарат көздерін нақты деректердің көрініс табу амалына қарай жіктеу.....	23	Б.Ш. Баймұхамбетова, Б.Б. Даумова Психолого-педагогическое сопровождение процесса формирования готовности магистрантов к исследовательской деятельности.....	123
А.А. Джаналеева Формирование уставного капитала непубличных организаций корпоративного типа по законодательству Российской Федерации (Часть 2).....	27	Б.У. Байхожаева, Т.А. Толкынбаев Кадровая политика как фактор стратегического развития ВУЗа.....	127
Ж.Х. Косанов, Г.Ж. Тулеубаева Основные признаки и виды вещного права по законодательству Турции.....	33	Г.М. Гауриева О повышении квалификации педагогов в Казахстане.....	132
Д.Ш. Құсанов Криминалистическая характеристика мошенничества в сфере жилищных отношений.....	37	Ж.Е. Зұлтыхар, Н.Т. Шыңдалиев Компьютерлік эмулятор көмегімен желілерді құру.....	135
А.А. Мукашева, С.Ж. Смолов История правового регулирования экономического механизма охраны окружающей среды и природопользования в Казахстане.....	44	Н.Б. Имангаликова, Д.Г.-С. Токтарбаев, А.Б. Мейрманов Основы методики занятий физкультурными упражнениями.....	140
Е.Н. Нурсалиева, Э.Б. Омарова Правовая ответственность руководителя исполнительного органа юридического лица.....	51	Н.Б. Имангаликова, Д.Г.-С. Токтарбаев, С.С. Сейткалиев, Н.Б. Абеков Использование метода круговой тренировки на уроках физической культуры.....	143
Э.Б. Омарова Сроки в трудовом праве Республики Казахстан.....	58	М.А. Кененбаева, А.Ш. Глеулесова, С.К. Ксембаева Жоғары білікті мамандарды даярлау үдерісіндегі дуалды оқыту ерекшелігі.....	147
С. Сансызбайқызы Қазақстан Республикасының туризм саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырушы органдарының қызметі.....	63	Л.С. Құлжабаева, Б.А. Кабатова Факторы влияющие на формирование функциональной грамотности школьников.....	150
А.С. Smushlyayev About violations in the procedural environment.....	68	Л.С. Құлжабаева, О.Т. Засоруля Адаптивные особенности студентов первого курса к условиям ВУЗа как психолого-педагогическая проблема.....	154
Д.Б. Талеуханова Международные стандарты рабочего времени и их отражение в национальном законодательстве.....	72	Л.С. Құлжабаева, А.Г. Бородин Энергетический потенциал организма как функциональная база кондиционных физических качеств человека.....	158
М.Ә. Талеген Англия бұқаралық ақпарат құралдарындағы қылмыс және онымен байланысты құбылыстардың жариялану мәселелері.....	77	А. Қадысқызы Швейцариядағы көптілді ортада шетел тілін оқытудың тәжірибесі.....	165
М.Ә. Талеген, М.Ш. Құрманғали Масс-медиа криминологиясының мәселелері.....	82	С.К. Қожаева, С.А. Елешова Болашақ маманның дамуындағы құндылық негізі – білім.....	170
Г.Ж. Тулеубаева Кейбір шетел мемлекеттерінде жерді аймақтарға бөлуді құқықтық реттеу.....	86	С.К. Қожаева, С.Ф. Алдабергел «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі.....	173
М.Х. Хасенов Законодательное укрепление статуса социального работника в Республике Казахстан.....	91	М.Д. Қотанова, Ж.С. Еркіншева Математика пәнін ұлттық салт-дәстүрмен байланыстыра отырып оқыту әдістері.....	177
ЭКОНОМИКА / ЭКОНОМИКА		Ли Сичан Современная языковая ситуация и преподавание китайского языка в Республике Казахстан.....	183
А.Г. Наукенова Современное состояние рынка труда Республики Казахстан.....	95		
Е.Ж. Оспанов Вопросы реформирования бюджетного инвестирования.....	103		

И.Б. Имангаликова, Д.Г.-С. Токтарбаев, С.С. Сейткалиева, Н.Б. Абеков
Айналымды жаттығу әдісін дене шынықтыру сабағында қолдану

Мақалада дене шынықтыру сабағында жүзеге асатын айналымды жаттығу қарастырылған, ол сонымен қатар дене дайындығының мақсаты ұйымдастырушылық әдістемелік формасын ұсынады. Айналымды жаттығу қандай да бір жаттығуды орындау әдісіне жатпайды, ол білім алушылардың ағзасына жасалты таңдалуы түрде әсер ететін қатаң регламентті жаттығудың жеке әдістер қатаң қалтиды. Ол органикалық түрде оқу сабақтарының нақты білімдеріне жатады және оқытушыға оқу іс әрекетін орындауға көмектеседі.

Түйін сөздер: жаттығу, айналым жаттығу және дене тәрбиесі.

I.B. Imangalikova, D.G.-S. Toktarbaev, S.S. Seitkalieva, N.B. Abekov
Use of method of circular training on lessons of physical culture

The article examined circuit training carried out at physical training lessons, is holistic organizational and methodical form of physical training. It is not confined to any one method of exercise, it includes a number of private practices are strictly regulated exercises with selective effects on the general body of students. She organically fit into a specific series of training sessions, helps the teacher to carry out training activities.

Key words: Training, circular training, physical training.

Поступила в редакцию 07.11.2014.

ӘОЖ 37.013(574)

М.А. КЕНЕНБАЕВА¹, А.Ш. ТЛЕУЛЕСОВА², С.К. КСЕМБАЕВА³

п.ғ.к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар, Қазақстан¹

п.ғ.к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар, Қазақстан²

п.ғ.к., С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университеті, Павлодар, Қазақстан³

ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Берілген мақалада еңбек нарығының қарқынды даму жағдайындағы білікті маман мәселесі қарастырылады. Олардың пайда болуының басты себебі жас маманнан тәжірибелік біліктілік пен шеберлігі талап етілгенде теориялық білімі мен тәжірибесі арасындағы алшақтық орын алғанда білім беру үдерісін ұйымдастырумен байланысты. Бұл мәселені шешу үшін автор педагогикалық жоғарғы оқу орындарына арнайы оқыту жүйесін енгізуді ұсынады.

Түйін сөздер: дуалды оқыту жүйесі, сабақтастық, білікті маман.

Қазіргі қарқынды дамыған еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алады. Оның негізгі себепшісі білім беру үдерісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен шеберлікті талап ететін нақты шәрістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады.

Бұл жағдай себебінің ерекше бір көрінісі үздіксіз білім беру саласында да кездесіп отыр. Себебі тәжірибесі жок, тек теориялық біліммен ғана шектелген жас маманды ешкім жұмысқа қабыл алмайды. Бұл қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты шешу мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үдерісінде білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, маманға оқу, тағылымдамадан өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Қазақстандағы білім беру жүйесін модернизациялауға Елбасы да ерекше көңіл бөліп отыр. Токтарбаев Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 жыл» – атты баяндамасында:

«Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге келеді:

білім беру мекемелерін оңтайландыру;

жұмыс тәрбие үдерісін жаңғырту;

білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру.

Оңтайландыру аясында білім берудің үздіксіз көлбеуін нығайту қажет. «Жасқа қарайғы» білім беру мектепке дейінгі, бастауыш, орта, кәсіптік, жоғары және жоо-дан кейінгі барлық түрлерінің

өзара қисынды байланысын қалпына келтіру маңызды. Бұл орайда жеке және мемлекеттік білім беру мекемелері ұсынатын білім беру қызметтерінің арасындағы елеулі алшақтыққа жол беруге болмайды.

«Білім беру жүйесі жалпыұлттық күйінде қалуға тиіс» дей келе, осы қадамда «білім беру жүйесін жетілдіруге байланысты төртінші бағытында, дуалды кәсіби білім беруді дамыту маңызды. Жаппай мамандықтар кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін осы заманғы қолданбалы біліктілік орталықтары қажет» деп баса айтып көрсетті [1].

Дуалды оқыту жүйесін ең алдымен оқу үдерісінде белсенді түрде колледждер қолға алды. Заман талабына сай экономиканың өндірістік секторлары үшін біліктілігі жоғары деңгейдегі кадрлар аса қажеттілік тудыратын болғандықтан да колледждер базасында дуалды білім беру жүйесін енгізу қарастырылған.

Кез келген мәселені шешу үшін ең алдымен оның стратегиялық жоспары жасалуы қажет. Дуалды білім беруді енгізу шарттары туралы авторлар дуалды білім беру жүйесін енгізу кезінде колледждердің қызмет саласы мен құзыреттілігіне мыналарды жатқызған:

- оқу мекемесінің нормативтік-құқықтық, кадрлық, материалдық-техникалық базасына талдау жасау;
- әлеуметтік тапсырысты меңгеру және оқу мекемесінің қызметін еңбек нарығының сұраныстарына қайта бағдарлау;
- маркетингтік зерттеулер нәтижелері бойынша дуалды білім беру жүйесінің даму перспективаларын игеру;
- мамандар дайындауда жұмыс беруші – кәсіпорындармен құқықтық, қаржылық, оқу-әдістемелік мәселелер бойынша келісім шарт міндеттемелерін жасау;
- басқару механизмдерін бейімдеу және оқу-практикалық сабақтар мен өндірістік практиканы жүзеге асыру бойынша бірігіп жоспарлау.
- еңбек нарығы жағдайларына оқу мекемесінің оқу-тәрбие, оқу-өндірістік қызметін үйлестіру және бейімдеу [2].

Бүгінгі таңда мұндай бастама тек колледждерде ғана емес жоо-да да қолға алынуда. ЖОО дуалды оқыту жүйесін енгізу үшін ең алдымен білім беру стандартын басшылыққа ала отырып, нәтижеге бағытталған білім беру жоспарын құру қажет. Мысалы педагогикалық жоо-да дуалды білім беру жүйесін енгізу үшін біз бірқатар зерттеулер жүргіздік. Білім негізі бастауышта қаланатындықтан, алдымен 5B010200 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттері үшін дуалды оқыту жүйесін енгізу және оның келешегі туралы зерттеулер жүргіздік. Дуалды оқытуда білім беруді өндіріспен тікелей байланыстырып, сабақтастыруымыз керек. Біз ең алдымен ҚР МЖМБС 6.08.059 – 2010 стандартын басшылыққа алдық. Мұнда 5B010200 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша мынадай практика түрлері ұсынылады:

1. «Педагогикалық қызметке кіріспе» педагогикалық-оқу практикасы
2. Жаратылыстану негіздерінен оқу-танысу практикасы
3. «Кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасын психологиялық-педагогикалық диагностикалау» педагогикалық практикасы
4. Тәрбие жұмысы әдістемесі педагогикалық практикасы
5. «Сабақ беріп көру» педагогикалық практикасы
6. «Баланың мектептегі алғашқы күндері» педагогикалық практикасы
7. Өндірістік педагогикалық практика
8. Диплом алды практикасы жоспарланған [3].

Осы практикалардың ішінде студенттер ең алғаш 3 курста «Сабақ беріп көру» практикасына барып, алғаш рет оқушымен тікелей қатынасқа түсіп, мамандығына сәйкес алғашқы сабағын беріп көреді. Болашақ маман өзі тандағын мамандығының қыр-сырын осы жерден бастап нақты тани бастайды. Себебі бұған дейін өтетін практикада мұндай мүмкіншілік болмаған. Мысалы олардың алғашқы практикалары «Педагогикалық қызметке кіріспе» педагогикалық-оқу практикасы. Бұл практикадан өткен кезде студенттер стандартқа сәйкес бастауыш мектеп педагогикалық ұжымы іс-әрекетімен, оқу кабинеттерінің материалдық базасымен, сынып оқушыларымен танысады. Бастауыш сынып оқушысы тұлғасын зерттеу үшін мұғалімнің пайдаланатын зерттеу әдістерімен танысып, мектеп құжаттарымен және оны жүргізу тәртібімен танысады. Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің құрылымын зерттеумен айналысады. Алғаш рет мұғалімнің

оқушылармен қарым-қатынас стилін бақылайды, егер анықтаумен айналысатын болса, сабақ беріп көру практикасының негізгі талабы күрделі. Себебі бұл практика кезінде студент жекелей әдістемелер бойынша білімдерін таразыға салады. Студент күнтізбелік жоспар құрады. Бастауыш мектептің оқу-жоспарын, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды талдайды. Мысалы математикадан «Атамұра» және «Алматыкітап» баспаларынан шыққан оқулықтарға талдаулар жасайды. Бастауыш сынып оқушыларымен оқу жұмысын жоспарлау жүйесін зерттейді және оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі кезеңдеріндегі мұғалімнің оқыту әдістерін қолдану жолдарына бақылау жүргізеді. Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен оқу мотивациясын зерттеп, пәндер бойынша сабақтан тыс жұмыстарды дайындайды және жүргізеді. Үй тапсырмаларының түрлері және оларды орындаудағы дербестілігінің дәрежесін анықтайды. Бұл айтылғанның барлығы бастауыш сынып мұғалімінің құзыреттілігіне енеді. Болашақ маман құзыреттілігін қалыптастыру үшін біз биылғы жылы алғаш рет теорияны практикамен ұштастырудағы тиімділікті арттыру мақсатында дуалды оқытуды қолға алдық. Себебі дуалды оқыту – ол заман талабы болып отыр. Дуалды оқытуды қалай ұйымдастырғанымыз туралы біраз сөз қозғайық. Сонан кейін сіздер де өз ойларыңызды қосып, кеңестеріңізді берерсіздер деген үміттеміз. Дуалды оқытуда ең алдымен студенттердің жұмыс орыны таңдалды, яғни – мектеп. Математиканы оқыту әдістемесі пәні бойынша 5В010200 «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына арналған ҚР МЖМБС 6.08.059 – 2010, 2013 жылғы типтік оқу бағдарламасы мен «Сабақ беріп көру» педагогикалық практикасының талаптарын басшылыққа ала отырып жоспар құрдық [4]. Мысалы «Есеп және оны шешу үдерісі», «Есептеу тәсілдері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы тақырыбын алайық. Ең алдымен тақырып бойынша дәріс өткізілді, сонан кейін практикалық, лабораториялық сабақтар және студенттердің мұғаліммен өздік жұмысы өткізілді. Мұнда әр сынып бойынша математикадан «Атамұра» және «Алматыкітап» баспаларынан шыққан оқулықтардағы мәтінді есептер және олармен жұмыс істеу әдістемесін талдадық. Студент теорияны меңгергеннен кейін оны практикада көрсетіп, толықтай бойларына сіңіру мақсатында есепке бардық. Мектепте алдымен студенттермен өткен сабақ еске түсіріліп қайталады да, осы күнгі жұмыс жоспары, мақсат, міндетімен таныстырылады. Тақырып бойынша әр сыныпта ең алдымен оқытушылар сабақ өткізіп, ал студенттер тек бақылап отырды. Сабақтан кейін талдаулар жасалып, студенттер білімі бекітіледі. Сонан кейін осы тақырып бойынша студенттер сабақ береді. Дәріс ұзақ уақытты қажет етеді. Себебі әр сыныптың өз бағдарламасы бар. Студенттер мәтінді педагогикалық және психологиялық жағдайларын ескеру керек және әр сыныпта мәтінді оқытумен жұмыс істеудің тек әдістемесін ғана емес, теориясын да меңгерулері қажет. Мәселен, 4 сынып оқулықтарындағы мәтінді есептерді шығару, мүмкін болса әр түрлі тәсілдермен берілген есепке кері есеп құрастыру. Себебі студенттер өздері білмесе, әдістемені қалай қолдануға пайдасы шамалы болады. Міне осы жағдайларды ескере отырып, біз дуалды оқытуды өздеріміз қолдаймызға қарай ұйымдастырамыз және бұл оқу түрінің орыны ерекше тиімді екендігі оқушылардың көрінді. Себебі студенттердің институттағы аудиториялық сабақтармен салыстырғанда оқушылықтары, белсенділіктері өте жоғары болды. Студенттер оқушылармен қарым-қатынас жасап отырып, өздерін нағыз мұғалім ретінде сезінгендігі байқалды. Студенттердің, мен бірінші рет оқушылардың өткізген сабақтарынан нәтиже бар екендігіне көзіміз жетті. Сонан соң бүгінгі қарқынды дамыған қоғамымызда бастауыш сынып оқушысының ой өрісі де дамыған, осындай талапты балаға заман талабына сай нәтижеге бағытталған білім беретін сабақ беріп, яғни бастауыш сынып мұғалімінің құзыреттілігін меңгерген маман даярлауда дуалды оқытудың орыны ерекше екендігіне көзіміз жетіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Атамбаев Н. А. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 жыл / Егеменді Қазақстан. - 2012. - 10 шілде
- Кузембаев С.Б., Шаяхметов Б.К., Атамбаев Ж.Н. Дуалды білім беруді енгізу шарттары // Педагогика. 29. NIOXXI. 2012
- МЖМБС 6.08.059. – Астана, 2010.
- 5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығына арналған типтік оқу бағдарламасы. – Астана, 2013.
- Атамбаев Ж. Дуалды оқыту – уақыт талабы // Егеменді Қазақстан. -2014. – 19 ақпан.